

**КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ**

ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

КАФЕДРА ИНФОРМАТИКИ И КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ



**Материалы Студенческой научно-практической конференции
"Модернизация современного образования"
14 апреля 2017 г.**



г. КОСТАНАЙ, 2017 г.

УДК 37.031.2(063)
ББК 74.2
М74

М74 Модернизация современного образования. Материалы студенческой научно-практической конференции, 14 апреля 2017 г., г. Костанай. – 279 с.

ISBN 978-601-7934-00-2

В сборнике представлены научные, научно-методические статьи, написанные по материалам докладов студенческой научно-практической конференции, проходившей в Костанайском государственном педагогическом институте 14 апреля 2017 года. В конференции приняли участие студенты Естественно-математического факультета, более 80 статей по 7 специальностям.

Материалы конференции содержат фундаментальные, научные, прикладные проблемы исследований по направлениям: биология, химия, математика, физика, география, информатика, проблемы образования и воспитания в общеобразовательных учреждениях.

Материалы конференции предназначены для бакалавров, магистрантов, и других категорий исследователей.

Научные редакторы: д.и.н., профессор Абиль Е.А., к.т.н., доцент Сухов М.В., к.т.н., доцент Еслямов С.Г., доцент Тобылов К.Т., к.э.н.

ISBN 978-601-7934-00-2

© РГП на ПХВ «Костанайский государственный педагогический институт», 2017

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Географические науки и их применение в образовательном процессе	
<i>Баубекова Г.К., Зайтинова Г.Х.</i> Изучение интересов студентов ЕМФ во внеучебное время	7
<i>Баубекова Г.К., Федорова Ю.В., Горбунов Д.С.</i> Изучение уровня географической грамотности среди студентов КГПИ	9
Секция 2. Актуальные проблемы биологии и ее внедрение в образовательный процесс	
<i>Суюндиқова Ж.Т., Зарлықанова Ә.Т.</i> Жоғары оқу орындарының студенттерінің денсаулығы	15
<i>Уразымбетова Б.Б., Альманкулова.А.</i> Қостанай облысының климат жағдайында жидені өсірудің тиімділігі	18
<i>Уразымбетова Б.Б., Капанова Г.</i> Биология сабағында «Жыртқыштар отряды» тақырыбына жергілікті материалды пайдалану	20
<i>Брагина Т.М., Баянбекова Ж.Б.</i> Анализ разнообразия основных семейств пауков (ARANEI) Костанайской области	23
<i>Брагина Т.М., Воеводина А.В.</i> Биология и экология колорадского жука (COLEOPTERA: CHRYSOMELIDAE) в условиях Северного Казахстана	25
<i>Брагина Т.М., Збираник Д.А.</i> Материалы к фауне в экологии шитаносок рода CASSIDA (COLEOPTERA, CHRYSOMELIDAE) Костанайской области	27
<i>Брагина Т.М., Молдабекова А.Е.</i> Изучение членистоногих семейства нарывники (COLITERA, MELOIDAE) Костанайской области	30
<i>Кубеев М.С., Айтжанова Д.С.</i> Қостанай облысындағы қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылар	32
<i>Уразымбетова Б.Б., Бугасова З.А.</i> «Биология» пәнінен зертханалық және практикалық сабақтарды өткізу	35
<i>Уразымбетова Б.Б., Досекин А.Б.</i> "Қан айналу жүйесі" тақырыбына биология сабағынан оқыту әдістемесі	37
<i>Уразымбетова Б.Б., Кожбанова И.Е.</i> Биология сабағында саралап деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану	40
<i>Ахметчина Т.А., Такенова Н.</i> Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану	42
<i>Кожмухаметова А.С., Студент А.</i> Бақша бүлдіргенінің (FRAGARIA ANANASSA) модификациялық өзгергіштігі және оны оқып үйрену әдістері	44
<i>Кожмухаметова А.С., ж.ғ.м., Байбусинова Н.Ж., Шолақсай ауылы аймағының флорасы</i>	48
<i>Валяева Е.А., к.б.н., Кужахметова А.Ю.</i> Видовой состав и некоторые биологические особенности земноводных Денисовского района Костанайской области	52
Секция 3. Анализ объектов окружающей среды и современные подходы в преподавании химии в школе	
<i>Важева Н.В., Ергалиева Э. М., Абдуллина Д.М.</i> Динамика активности окислительного фермента пероксидазы при хранении растительной продукции	56
<i>Жумағалиева Б.М., Худайбергенов Н.М.</i> Ақаба судың құрамындағы мыс, темір иондарын анықтау	59
<i>Абдыкаликова К.А., Ахмет А.И.</i> Кәдімгі жантақтың (ALHAGI PSEYDALHAGI) жер үсті бөлігінің құрамындағы биологиялық белсенді заттарын зерттеу	64
<i>Абдыкаликова К.А., Молдашова А.А.</i> Қызыл мияның (GLYCYRRHIZE GLABRA L) жерүсті бөлігі мен тамырындағы биологиялық белсенді заттардың мөлшерін зерттеу	68
<i>Жұмағалиева Б.М., Райымқұлова М. Қ.</i> Әртүрлі тағамдық өнімдердің құрамындағы темірдің мөлшерін зерттеу	72
<i>Таурбаева Г.У., Жұмағалиев А.А.</i> Металдарды оқыту әдістемесі	74
<i>Важева Н.В., Ергалиева Э.М., Курманаев А.А.</i> Методический подход к использованию	77

анимированных схем на занятиях по биохимии	
Жұмағалиева Б.М., Ахметова А.Б. Ерітіндідегі фосфор қышқылының массасын анықтау	81
Секция 4. Особенности обучения и преподавания физико-математических и технических наук в современной образовательной системе	
Касымова А.Г., Ташетов М. М. Мектептегі математика курсыңда есептерді пайызбен шешу әдістемесі	84
Асқанбаева Ф. Б., Әбдіхан Г.Е. Параметрлері бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері мен классификациясы	86
Калжанов М.У., Байбулатова А.М. Решение текстовых задач в средней школе	90
Калжанов М.У., Кузьмина И.В. Реализация модуля «Обучение критическому мышлению» для развития математической компетенции обучающихся	93
Демисенов Б.Н., Адильбекова Г.С., Ермакова Т.А., Катунина А. П. От Ферма и Эйлера до Куммера	97
Абдимоминова Д.К., Байраханов.Н.Б. Ағаштан кәдесый жасау	100
Касымова А.Г., Гаппаров Ж.А. Молекулалық физика бөлімінде электронды оқулықты пайдаланудың мүмкіншіліктері мен ерекшеліктері	103
Телегина О.С., Ерназар А.Е. Факультативный курс на базе STEM-образования	105
Касымова А. Г., Әлиериев Б.С. «Стационар теңдеулер үшін қойылған шектік есептер және оларды шешудің әдістері»	108
Доспулова У. К., Жусупова Д. Н. Коэффициенттері тұрақты сызықтық дифференциалдық жүйені шешудің матрицалық әдісі	112
Доспулова У.К., Кинтаева З.С. Ряды Фурье и их применение в теории дифференциальных уравнений	115
Жигитов А.Б., Момбеков Е.Ө. Ағаш-цемент композиттарынаң тұратын материалдарының құрылуын жасалуының жалпы мүмкіндіктері және ерекшеліктері	120
Нупирова А.М., Абдилазизов Ш.А. Орта мектептегі физика курсыңда "Жұмыс" және "Энергия" ұғымдарын қалыптастыру әдістемесі	123
Комиссаров С.В., Карабекова Н.Г. Изготовление изделий казахского быта с применением национального орнамента	125
Калаков Б.А. Гордиев А.А. Наглядный эксперимент, как средство формирования познавательного интереса учащихся к физике	128
Калаков Б.А., Исмагулова А.М. Үшбұрыштың тамаша нүктелері мен сызықтарының геометриясы	130
Калаков Б.А., Қошқарбек Н.Ж. Мектеп курсыңдағы туынды және интегралға факультативтік сабақтар	134
Абдимоминова Д.К., Карабасов И.С. Асыл тастардан әшекейлер жасау	137
Беркімбаи Р.Ә., Куникеева Д.Н. Математиканы оқытудың қолданбалы және практикалық бағытын жүзеге асыру жолдары	139
Касымова А.Г., Максакбаева С.К. Роль и место текстовых задач на уроках математики в 5-6 классах	143
Утина Р.К., Момыңғали Б.М. Оқу процесіндегі қолданатын ойындар және оның түрлері	145
Асқанбаева Г.Б., Мырзатаева А.Қ. Геометрия пәнінен 7 сыныптарға факультативті сабақтарды өткізу әдістемесі	148
Нупирова А.М., Дандыбаев С.Т. Физика сабағында оқушылардың білім, білік және дағдысын тексерудің жолдары	152
Абдимоминова Д.К., Тыңғазы А.Е. Шағын пәтерге арналған жиналмалы керует жасау технологиясы	154
Шағиахметова Л.М., Уразов. М.А. Способы утилизации и применения пластиковых бутылок	157
Касымова А.Г., Шамганова Н.Б. «Электродинамика» тарауы бойынша оқушылардың	160

өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға арналған арналған смарт-қосымша құрастыру	
Асканбаева Г.Б., Шотенова С.С. Олимпиадалық есептерді шешуде векторлық әдістің қолданылуы	162
Демина Н.Ф., Шлис В.Ю. Исследовательские задачи по физике	166
Мнайдарова Ж.С., Туякбаева М.А. Дифференциация в обучении математике при изучении раздела «Производная»	169
Асканбаева Г.Б., аға оқытушы, Тайжанова А.К., Математика, 4 курс 6 сыныпта математикадан олимпиадалық есептерді шешудің әдістемесі	172
Қосжанова А.Г. Қошқар Ш.С. Физика сабағында дарынды балаларды оқытудың ерекшеліктері	174
Доспулова У.К., Шындәулет Ф.Ш. Математика сабағында кейс-технологияларын қолдану	177
Калжанов М.У., Степанова А.А. Использование «NET SCHOOL» в образовательной среде	180
Утемисова А.А., к. п. н, доцент, КГУ им. А. Байтұрсынба, Биржанова Д.Б студентка 4 курса, КГУ им. А. Байтұрсынова Конструирование системы упражнений по дискретной математике на основе закономерностей, влияющих на умственную деятельность обучающихся	183
Нупирова А.М., Абдилазизов Ш.А. Орта мектептегі физика курсына "жұмыс" және "энергия" ұғымдарын қалыптастыру әдістемесі	186
Қосжанова А.Г., Жұманғали Н.Е., Мектептегі экспериментті есептерді шығарудың ерекшеліктері	189
Нупирова А.М., Өміржанов Ж.Ө., Судың физикалық қасиеттерінің тірі ағзаға әсері	191
Секция 5. Информационно-коммуникационные технологии в образовании	
Сухов М.В., Балгужинов А.Х. Создание и реализация образовательного ресурса на основе WEB-технологий	196
Сухов М.В., Рахматуллин Т.Е. Создание электронного обучающегося комплекса по информатике на английском языке	197
Сухов М.В., Исмаилов К.А. Создание мультимедийного учебного пособия	199
Еслямов С.Г., Артыкбаева Г.М. Информационно-коммуникационные технологии в работе классного руководителя	202
Цыганова А.Д., Бычихина А.А. Использование мультимедийных технологий на уроках иностранного языка как средство развития креативного мышления учащихся	205
Радченко Т.А., Иващенко В.Ю. Фотореализм в 3D редакторе Blender	208
Радченко Т.А., Малхасян В.В. Использование современных компьютерных технологий в сфере искусства	211
Даулетбаева Г.Б., Байбосынова Ә., Сәбит З. Macromedia Flash Professional бағдарламасындағы анимация түрлері	214
Даулетбаева Г.Б., Егембердиева Н. Информатика пәні бойынша «Бейнемонтаж» факультативін ұйымдастыру	216
Даулетбаева Г.Б., Ертышпаев Е. Adobe Flash Professional CS бағдарламасындағы объекттерге түстерді және градиенттерді қолдану	219
<i>Содержание</i>	
Даулетбаева Г.Б., Тұрсібек Д. Информатика курсына компьютерлік ойындарды бағдарламалауды оқыту	223
Радченко П.Н., Беисов Р.Х. Разработка телефонной книги средствами баз данных в среде программирования Borland Delphi	225
Ерсултанова З.С., Сабырханқызы Н. «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» электронды оқыту құралы пәнді ағылшын тілінде оқып үйренудің құралы ретінде	227
Ерсултанова З.С., Бекқұлы М.Н. Интерактивті оқыту - сапалы білім беру әдісі	231

<i>Ерсултанова З.С., Зиятов А. Turbosite-жобалық жұмыстар жасау құралы</i>	234
<i>Ерсултанова З.С., Одаманова М. Интерактивтік технология негізі - педагогтардың шеберлігі және шығармашылығы</i>	238
<i>Ерсултанова З.С., Раман Ұ., Құралбай Ұ. Интерактивтік оқыту технологиясын қолдану арқылы білім алушының мамандыққа деген қызығушылығын арттыру</i>	240
<i>Есултанова З.С., Жақсылықов С. Mathcad бағдарламасының мүмкіндіктері</i>	243
<i>Айтбенова А.А., Сәбит З.С., Байбосынова Ә.Б. __VivaVideo бағдарламасының мүмкіндіктерін қолданып бейнеролик жасау</i>	246
<i>Еслямов С.Г., Брусник С. Новые средства программирования</i>	248
<i>Радченко П.Н., Мухаметов Т.Р. К вопросу сравнения лицензионных графических редакторов и графических редакторов свободного доступа</i>	251
<i>Сухов М. В., Шкаленко С. Ф. Внедрение курса «Основы робототехники в школе»</i>	254
<i>Danilova V.V., Purchel E.I. Web-quests at the english lessons</i>	256
<i>Danilova V.V., Tankibaeva D. Information and communication technologies in english learning</i>	260
<i>Danilova V.V., Dolgushkina D.A. G-Global - communicative platform</i>	265
<i>Tobylov K.T., Porova P. Specialized social networks</i>	269
<i>Тобылов К.Т., Антощук В.М. Типология электронных учебных пособий в образовательном процессе</i>	272
<i>Б.Жұмағалиева Ырысалды Жақанқызын еске алу</i>	277

Результатом нашей работы стало создание конечного продукта - «Телефонный справочник и заметки» с возможностью создания и хранения электронных заметок. (рис. 3)




Рисунок 3. Конечный результат приложения «Телефонный справочник и заметки»

В процессе проделанной работы, мы пришли к выводу, что даже наш «Телефонный справочник и заметки» как один из видов базы данных и как вид информационных технологий в целом, является неотъемлемой частью современного прогресса. Возможно, и наш проект станет полезным, упростит людям жизнь и поможет сократить время на поиски той или иной информации.

ЛИТЕРАТУРА:

- 1) <http://www.nsc.ru>
- 2) <http://zametkinapolyah.ru>
- 3) Кириллов В.В. Введение в реляционные базы данных, 2012

«АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ ПӘНДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫП ҮЙРЕНУДІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*Ерсултанова З.С., т.ғ.к., доцент
Сабырханқызы Нүргүл, Информатика, 4 курс*

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай

болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену - бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі [1].

Қазіргі кезде білім берудегі ақпараттандыру процесін жүзеге асырудағы өзекті мәселелердің бірі - электрондық оқу құралдарын дайындау болып отыр. Ал оларды оқыту процесінде қолдану - сапалы білім берудің бірден - бір құралы болып табылады. Білім берудің кез-келген саласында ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Бұл дәстүрлі оқыту түрін жоққа шығару емес, керісінше, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқытудың жаңа түрлерімен толықтыру қажеттілігін уағыздайды. Электронды оқу құралы оқушы үшін дайын материал. Электронды оқу құралдарымен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады.

Қазіргі таңда оқу процесінде жоғарғы оқу орындарында және мектептерде электронды оқу құралдарын тиімді пайдалану мүмкіншіліктері берілген. Электронды оқу құралдарын бірнеше программалармен байланыстырып жасауға болады. Электрондық оқу құралының мазмұны оқушының зияткерлік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет. Ол үшін келесі қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділік, жылдамдылық және т.б. Электрондық оқу құралын әзірлеу барысында оны мәтіндік ақпараттан гөрі графиктік ақпаратпен көбірек қамту керек, себебі ол оқу құралын көрнекі етіп, оқу барысында ақпаратты тез қабылдауына жағдай жасайды. Онда мәтіндер, графикалық элементтер, навигациялар, электрондық анықтамалар және олардың түстерін әр түрлі етіп, анимациялар арқылы жасауға болады. Электрондық оқу құралын жасауда электрондық құралдарды анимация элементтерімен, суреттермен, видеолармен қамтамасыз ету өте тиімді және қолданыста да ыңғайлы болып келеді. Себебі, мұндай түрде бейнеленуі оқушының немесе студенттің есте сақтау қабілетінің дамуына және оқыған материалын ұмытпай, оны дамытуына игі әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда әдістемелік әдебиеттерде «компьютерлік оқыту құралының» қатып қалған түсінігі жоқ, сонымен қатар оның әр түрлі анықтамалары бар. Компьютерлік оқыту құралдарының тұғырнамаларын әзірлеу мәселесі күрделі мәселе, алайда, сонымен қатар осы талас-тартыста компьютерлік білімді жақтайтын және оған қарсы шығатын жақтар бір жағдайға байланысты бірдей көзқараста - жаңалық және әр түрлі тұғырнамалардың прогресі ретінде компьютерленген оқыту құралдарын қолдайды. Қазіргі таңда, есептеу техникасы білім беру технологиясына революциялық өзгерістер енгізуге қабілетті. Білім беру жүйесіне компьютердің енуі, өз кезегінде дәстүрлі білім беру жүйесін компьютерленген білім беру дәуірінен ажырататын бөлгіш болды.

Электронды оқыту құралдарын педагогикалық мақсатқа сай пайдалану келесі мүмкіндіктерге жол ашады: оқушылардың есте сақтау қабілетіне, көңіл-күй жағдайларына, мотивтері мен қызығушылықтарына әсер ете отырып, олардың зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту, олардың оқу-танымдық қызметінің құрылымын қайта құрылымдауға жағдай жасау. Кейбір америкалық ғалымдардың пікірінше, компьютерлік бағдарламалар, соның ішінде Электронды оқыту құралдары, қолданушының ойлау стилі мен образын өзгертуге қабілетті. Бұл жерде, білім берудің басты аспектісі - ережелерді (теорияларды) жаттап алу емес, ойлау процесінің өзі.

ЭОҚ-мен жұмыс істей отырып, оқушы өзінің оқу қызметін өз бетінше басқарып отырғандай сезімде болады. Бұл, үнемі басқалардан көмек күтетін образдан, өз бетінше мәселенің шешімін таба алатын «Мен» образына өзгеруге алып келеді. Бұл, өте белсенді білім алу режимін қамтамасыз ететін өте маңызды психологиялық фактор болып табылады. Уақыты қатаң тіркелген болып келетін аудиториялық сабақтарға қарағанда, ЭОҚ оқушы үшін қолайлы уақытта, өзінің темпераментіне сәйкес қажетті уақыт пен тақырыпты таңдауына мүмкіндік береді. Мұның барлығы, электронды оқыту құралының өте тиімді оқыту құралы екенін көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер барысында, электронды оқыту құралдарының білімге деген қызығушылығын, өз бетінше ойлау қабілеттілігін арттырып, тұлғаның шығармашылық дамуына алып келетіні анықталды. Ол, басқа да оқыту құралдарымен салыстырғанда (кітап, магнитолла, теледидар және т.с.с.) көрнекі-образдық ойлауды, маторлы және вербальды – коммуникативтік білімдерді, мақсатқа ұмтылу және ЭОҚ әлеуметтендіру қабілеттіліктерді дамыту мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

ЭОҚ-ғы оқу материалдарының меңгерілу тиімділігін жоғарылату үшін, адам-тұтынушының қабылданатын ақпаратты қабылдау және қайта өңдеу бойынша психофизиологиялық мүмкіндіктерін, дербес жағдайда адамның көру анализаторлық қасиеттерін әр түрлі дидактикалық материалдарға (элементтерге) арналған жарық фонының дифференциациясы және жарық гаммасының қарқындылығымен бейнеленетін ақпарат «доза» көлемін үйлестіру арқылы ескеру қажет.

Электронды оқыту құралдарына қойылатын талаптар. Электронды оқыту құралдары педагогикалық және техникалық талаптарды қанағаттандыруы тиіс. Электронды оқыту құралдары, материалы Электронды оқыту құралына енгізілетін жаңа ақпараттық-педагогикалық технологиялардың басты элементі болып табылады, және пән облысындағы тәжірибелер мен қабілеттіліктерді қалыптастыруға арналған білімдердің жүйелі түрде ұсынылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, ЭОҚ үш негізгі компонентті қамтитын білімдерге сүйенетін эксперттік ақпараттық жүйеден тұрады: деректер және білімдер қоры (ДБҚ), шешім қабылдау ішкі жүйесі, қолданушы интерфейсі. ДБҚ деп интегралданған ақпараттық бағдарламалық жүйені түсінуге болады. Ондағы шешім қабылдау ішкі жүйесі ДБҚ-нан сұрақтарға жауап алуға және ДБҚ терминінде қалыптасқан есептердің шешімін табуға арналған. Қолданушы интерфейсі ДБҚ-ғы жұмысты және қолданбалы сала мамандарының кәсіби тіліне жақын тілде шешім қабылдаудың ішкі жүйесін қамтамасыз етеді.

Электронды оқыту құралына, ғылымилық, жүйелілік, қолжетімділік және т.б. сияқты жалпы талаптардан бөлек, спецификалық талаптар да қойылады: мазмұнға модельдеуді кірістіру, кері байланыс негізінде тұлғалық оқыту, білім берудің мотивациясы мен көрнекілігін арттыру, қолданушының психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай түстер гаммасын таңдау, бақылау мен өз-өзін бақылауды үйлестіру, статистика жинақтау [2].

Оқыту процесінде электронды оқыту құралдарының мақсатты түрде пайдаланылуы талқыланып жатқан жарияланымдарды және оларды әзірлеу бойынша талаптарды талдай келе, негізгілеріне тоқталамыз:

- Материалдардың толықтығы, оның ішінде мектеп бағдарламасындағы барлық міндетті тақырыптардың түсіндірмесінен тұратын теориялық бөлім, пән бойынша анықтама материалдары, бақылау тапсырмалары.

- Экраннан оқуға арналған мәтінді азайту барысында мұғалімнің материалдарды түсіндіру имитациясы; материалдар дауыс, визуалды образдар, ойын моменттері мен компьютердің басқа да мүмкіндіктерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

- Қайталау, тренинг, меңгерілген материалдарды жедел тексеру және басқа да мақсаттарға арналған диалогтық режимдердің бар болуы.

- Оқытудың жеке тұлғалық бағдарламаларының бар болуы.

- Біліктілігі жоқ қолданушыға арналған электронды оқыту құралын компьютерде жүзеге асырудың қолжетімді болуы [2].

Компьютерлік оқулықты мектептегі білім беру процесіне ендіру - мұғалімнің атқаратын рөлі туралы мәселені қайта қарастыруды қажет етеді. Оқушы қызметінің толығымен мұғалімнің қадағалауында болатын дәстүрлі көрініс, модифицирленген болуы тиіс. Жаңа түсінікке сәйкес, мұғалім, оқушыға тек бағыт-бағдар беріп отыратын режиссердің рөлін атқарады, осы қызметті атқаратын оқушының қызметін жүзеге асыруға сілтеме беріп және жағдай жасайды. Осылайша, дәстүрлі оқулықпен салыстырғанда, ЭОҚ төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- Пәнді үйренуге жұмсалатын уақытты үнемдеу;

- «оқушы-мұғалім» кері байланысын жүзеге асыру;

- Білімдер мен олардың сапалы түрде оқытылуына жағдай жасау;
- Әрбір оқушының оқытылатын материалдарды өз бетінше таңдауы мен оны үйренудің тізбектілігін өзіне тән психофизиологиялық ерекшеліктерді ескере отырып өзгерту;
- Оқу қызметі түрлерінің нұсқалары;
- Операциялық, көрнекі-образдық, теориялық ойлау компоненттерін дамыту процесін белсендіру;
- Оқушылардың шығармашылық, зияткерлік дамуы [2].

Компьютердің мүмкіндіктеріне және оны оқу процесінде пайдалану талаптарына сүйене отырып, компьютерлік оқулықтың жұмыс анықтамасы ретінде, біз келесіні таңдадық: электронды оқыту құралы - бұл, оқу курсын немесе оның үлкен бір бөлігін меңгеруді қамтамасыз ететін қарапайым оқулықтың, анықтаманың, тапсырмалар жинағы және зертханалық практикумның қасиеттерін біріктіретін бағдарламалық-әдістемелік кешен.

Материалдың ұсыну әдісі бойынша электронды оқыту құралы дәстүрлі мектеп оқулықтарынан ерекшеленеді: ЭЕМ жадысына оқу құралының толық мәтіні, сонымен қатар оның қысқаша сипаттамалары - электронды оқыту құралының фреймі немесе қысқаша теория мен мысалдар, мұғалім немесе оқушының пайдалануына арналған конспектсі кірістірілуі мүмкін.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттің білім беру процесінде компьютерлік оқыту құралдарын пайдалану мәселесі бойынша жүргізген талдауларын ескере отырып, біз инновациялық педагогикалық жүйе жағдайларында «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқытуға арналған оқыту құралын әзірледік.

«Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқытуға арналған оқыту құралының құрылымы мен мазмұны. «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқытуға арналған оқыту құралының бағдарламасы Macromedia Flash бағдарламасының базасында әзірледім. Электрондық оқу құралын жасау құралы ретінде Adobe Photoshop, CSS программаларының мүмкіндіктерін қолдандым. Жұмысымды орындау барысында гиперсілтеме жасауды, gif, jpg форматтарындағы файлдарды кірістіруді, терезелерді безендірудің барлық мүмкіндіктерін пайдалануға тырыстым. Бұл оқу құралы мемлекеттік стандарттың талаптарына сай негізделіп жасалды. «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқытуға арналған оқыту құралының құрылымы төмендегідей:

1. Дәрістер(лекциялар) - Lectures.
2. Зертханалық жұмыстар - Laboratory works.
3. Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ) - student's self work (SSW).
4. Оқытушының басшылығымен студенттің өздік жұмысы - students self work with a teacher (SSWT).
5. Тест тапсырмалары - Tests
6. Бақылау сұрақтары- Control questions
7. Глоссарий - Glossary

Бұл еңбегімнің барлық тақырыптары бойынша мәтіндер, суреттер, бейнебаяндар жасадым. Бейнебаяндар және оқушының білімін тексеретін тест тапсырмаларын жасау - инновациялық оқыту формасының бір түрі болып табылады. Бейнебаяндарды сөйлеумен қатар графикалық бейнелерді жеткізудің ыңғайлы әдісі ретінде қолдануға болады. Егер адамның қабылдау жүйесі көп жағдайда көру арқылы қабылданса, онда графикалық және мультимедиялық ақпарат бейнебаяндарда көп қолданылуға тиісті. Сонымен қатар, бірқатар анимациялар, тақырыптың мағынасын ашатын бөлімдер, бақылау сұрақтары және 4 нұсқалық тест тапсырмаларын кірістірдім. Оқушы тапсырманы электронды оқу құралы көмегімен орындап, оның нәтижесінің дұрыстығына көз жеткізуіне болады. Бұл оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік береді деп ойлаймын. «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін ағылшын тілінде оқытуға арналған оқыту құралымызда қосымша

«Қолданылған әдебиеттер (References)», «Автор жайында (About the author)», «Оқу құралы туралы (About the Means of education)» батырмалары бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Е.Д. Нұржанов «Ақпараттық технологияны сабақ процесінде қолдану» - <http://infust.kz/>

2. Глазов Б.И., Ловцов Д.А., Михайлов С.Н., Сухов А.В. Компьютеризированный учебник // Информатика и образование.- 1994.-№ 6.-С.86-94

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ- САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСІ

*Ерсултанова З.С., т.ғ.к., доцент
Бекқұлы М.Н., Информатика, 4 курс*

Қазіргі заманғы интерактивті технологиялардың оқыту жүйесіне енуі оқытушыларға ұйымдастырушылық оқыту әдістерін, оның мазмұнын сапалы өзгертуге мүмкіндік берді. Бұл технологиялардың мақсаты ақпараттық қоғамда оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін күшейту, оқыту жүйесінің барлық сатысында оқыту сапасын арттыру болып табылады. Білім беру процесіне интерактивті технологиялардың орасан зор ықпалын ескере отырып, көптеген оқытушылар оларды өзінің әдістемелік жүйесінде қолданады. Интерактивті технология құралдарын пайдалану оқытудың мотивациялық сипатын күшейтеді, оқуға деген қызығушылықты оятады, берілген тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша басқаруға, кінә мен бетке басшылыққа жүгінбей дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндігін береді. Жоғарыда айтылған мәселелерге қарап, оқытуда қолданылатын интерактивті ойын тапсырмаларын жасақтау мәселесі туындайды [1].

Ақпараттық технологиялардың даму бағыттарының бірі оқыту жүйесінде интерактивті технологияларды қолдану болып табылады. Оқыту процесі тиімді өтуі үшін оған сапалы жасалған интерактивті құралдар қажет. Қазіргі уақытта бұндай құралдарды жасау үшін әртүрлі бағдарламалар баршылық, олардың қатарына PowerPoint, AutoPlay, Adobe Flash, Camtasia Studio, NeoBook, QuizeMaker, Delphi т.б. жатады. Арнайы өңделген компьютерлік бағдарламалар қазіргі заманғы компьютерлік технологиялардың жетістіктерін, атап айтқанда, жоғары сапалы графиканы, анимацияны, дыбыстық қолдауды, бейнероликтерді және мультимедияның басқа да құралдарын пайдалануы тиіс. Оқытудың тиімді жүйелерін жасағанда компьютерлік жүйе мен оқушының өзара қатынасындағы дидактикалық және психологиялық талаптар мен принциптерді ескеру керек. Өзін-өзі оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалардың айрықша ерекшелігі оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей немесе қандай да бір техникалық құралдар бойынша сұхбаттық өзара әсердің болуында. Сондықтан, дербес және өзін-өзі оқытуға арналған бағдарламаларды жасағанда сұхбаттың жалпы құрылымын ғана емес, оның тұжырымдарын, тапсырмалардың, мәселелердің толықтығы мен дәлдігін, сұхбаттың басқа да элементтерін өте тиянақты түрде құрастыру керек. Сол сияқты, басқа техникалық оқыту құралдарына қарағанда компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі, яғни оқушының сұрақтары мен іс-әрекетіне дереу жауап беру мүмкіндігі бар екенін, оның үстіне мәселені анықтай түсуге, мәліметтерді беруге, оқушыға ақпаратты ұсына алатындағын да ескеру керек. Егер оқушы мен компьютер арасында тығыз қарым-қатынас байқалса, бұндай оқытуды интерактивті деп атайды. Әдетте, мұндай қарым-қатынас оқушылар қандай да бір тапсырманың шешімін табуға тырысқан кезде байқалады.

Интерактивті оқытудың басты мақсаты - оқушыларды өз бетінше тапсырманың жауабын табуға үйрету. Оқушыларға дайын жауаптарды берген кезде олардың ақыл-ой белсенділігі өспей қалады. Ал әлдебір мәселені өздері шешіп үйренген кезде ақыл-ой белсенділігі артады. Компьютерлік технологиялар оқытуда қосымша құрал ретінде